



Баймақов Әжіғали

1922 жылы 3 қаңтарда Қостанай облысы Аманкелді ауданы №5 ауылдың Кеңтүбек деген жерінде дүниеге келген. 1942 жылдың 5 сәуірінде Әуликөл аудандық әскери комиссариатынан 80 комсомол жастары әскерге алынып, Челябинь облысының Шұбаркөл станциясында әскери дайындықтан өтіп, Белый қаласы үшін ұрысқа 159-атқыштар полкінің құрамында алғаш рет қатысады. Дала майданында Воронеж, Киев қалаларын, Польша жерлерін азат ету ұрыстарына қатысады. Ұлы Отан соғысын Италияның Пиза қаласында аяқтап, елге 2-топтағы мүгедек болып 1947 жылы оралады. Отан соғысы орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуковтың медальдарымен және мерекелік медальдармен марапатталған. Елге келген соң есеп қызметімен айналысып, колхоз, совхоз мекемелерінде жұмыс істеген.

